


Түркістан облысы
Қазықұрт ауданы
Аудандық білім бөліміне қарасты
«Алтын сақа» бөбекжай балабақшасы» МКҚК

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

Ұстаздар күні

Тақырыбы:



Тәрбиешілер:
М.Маханбетова
Б.айдарханова

2022 оқу жылы

Ұстаз-ұлы тұлға!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ұстаздар және балалар!
Сіздерді қазан айында аталып өтетін мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгін «Ұстаз-ұлы тұлға» атты ертенгілігімізге қош келдіңіздер.
Кұйылады жыр ағын,
Көптен дара тараған.
Құтты болсын мерекен,
Занғар тұлға мұғалім.

Жүргізуші: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға»-деп, Абай атамыз айтқандай келесі кезекті балаларымыздың ұстаздарға арналған такпақтарын тыңданыңдар.

Алпамыс: Ұстаз бізді білім беріп өсірген,
Қатемізді әрқашанда кешірген.
Өмір жолы қиын жол деп әрқашан,
Тәрбиелеп, ақылды қылып өсірген.

Айсұлтан: Ұстаз деген қасиетті киелі,
Оны барлық адамдар да біледі.
Айтып қана қоймайықшы сыйлайық,
Ата-анадай юолған жанды құрметтеп.

Сабина: Ұстаз болу-жүректің батырлығы,
Ұстаз болу-сезімнің ақындығы.
Ұстаз болу-мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның ақындығы.

Жүргізуші: Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй-деп келесі кезекті әнге берейік
Ән: «Қошқаным»

Ойын: «Қыздарға гүл сыйлау»

Ойын шарты: Орындықта 2 букет гүл тұрады. Әуен тоқтағанда букеттегі гүлді қыздарға жылдам беру.

Жүргізуші: Мерекемізді такпақтармен жалғастырайық.

Батырхан: Ардақты мұғалім,
Білімнің бұлағым.
Таусылмас сен жайлы,
Тасқында жыр әнім.

Өркен: Қанатым талмайды,
Қиялым самғайды.
Акын да, ғылым да,
Ұстазсыз болмайды.

Ердаулет: Мереке күніңмен,
Құттықтап бүгін мен.
Ойыма ой қосам,
Сен берге сеніммен.

Ұлттық ойын: Арқан тартыс»
Мақсаты: Балалардың бойына ұлттық қасиеттерді сіңіру.

Жүргізуші: Үйретіп өмір ұстамын,
Үлгілі іске нұсқадың.
Ақ көңіл іскер қашанда,
Ақылшым менің ұстазым-деп ары қарай такпақтармен жалғастырайық.

Айғаным: Болды кезім мақтаған,
Болды кезім ұқпаған.
Болды кезім ұстаздың,
Ойынан дәл шықпаған.

Айару: Ұстаз ана-болашақтың анасы,
Ұстаз ана-ақыл-білім санасы.
Жүзіндегі пәк мейірімді көргенде,
Әр шәкірттің оянады санасы.

Ақбаян: Ұстаз болған керемет,
Ақылы ойы керемет.
Жақсы адам ұстаз,
Алға шығады бәріннен.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ұстаздар бүгінгі біздің балаларымыздың сіздерге арнап жасалған құттықтай бейнетаспасын тамашалаңыздар.
(Бейне таспа көрсетіледі)

Жүргізуші: Ары қарай мерекемізді бақпақтармен жалғастырамыз.

Мадина: Кім көрмейтін сізді асыл анашым,
Сізге ұқсап қудық сан арман.

Сіздей адам дүниеде көп болсын,
Балалардың бақыты үшін жаралған.

Жүргізуші: Мектептің басты тұлғасы, жүрегі-мұғалім. Егемен еліміздің ертеңін ойлар, білімді де, саналы, Отанын, туган жерін, ұлтын сүйетін, ұлтжанды, парасатты азаматтар тәрбиелеуде мұғалімнің еңбегі орасан зор екенін баршамыз мойындаймыз. Ертеңгілігімізді «Ұстазым» әнімен аяқтаймыз.

Қош сау болыңыздар!

Ән: «Ұстазым»